

"АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ**

201 3 ж. 28 05 ЖҮРГІЗІЛДІ
КҮӨЛІК № 46193-1901-АК
БСН 130540020197

"АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР
ЖӘНЕ
ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

201 5 ж. 09 01 ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 130540020197
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮН 28 05 жыл 2013
КҮӨЛІК 46193-1901-АК

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2014 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 249 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

«ЕСІЛ АУДАНЫНЫҢ
ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»

201 7 ж. 7 Тоқс. ЖАРАМДЫ
ТІРКЕЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕРМЕН
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРМЕН
ЖАРАМДЫ

КҮӨЛІК 2762-1901-02-АК
БСН 130540020197

«ЕСІЛ АУДАНЫНЫҢ
ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»

201 8 ж. 03 03
ТІРКЕЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕРМЕН
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРМЕН
ЖАРАМДЫ

КҮӨЛІК 2762-1901-02-АК
БСН 130540020197

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі»
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ

Астана, 2014

1-БАП. Жалпы ережелер

1. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Холдинг) «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы №571 Жарлығына және «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 қаулысына сәйкес құрылды.

2. Холдингің атауы:

мемлекеттік тілде:

толық: «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы»,
қысқартылған: «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ;

орыс тілінде:

толық: Акционерное общество «Национальный управляющий холдинг «Байтерек»,

қысқартылған: АО «НУХ «Байтерек»;

ағылшын тілінде:

толық: Joint stock company «National managing holding «Baiterek»,
қысқартылған: JSC «NMH «Baiterek».

3. Холдингің атқарушы органының орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Д. Қонаев көшесі, 8 үй, Б блогы.

4. Холдингің қызмет мерзімі – шектелмеген.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің тұлғасында Холдингің құрылтайшысы болып табылады.

Холдингің жалғыз акционері (бұдан әрі – Жалғыз акционер) Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Холдинг акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқықтарын жүзеге асыратын тиісті саланың Үкімет белгілеген уәкілетті органы болып табылады.

Холдингі тарату, қайта ұйымдастыру немесе атауын өзгерту туралы шешімдерді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

6. Холдингің осы Жарғысы (бұдан әрі – Жарғы) Холдингің құрылтай құжаты болып табылады. Барлық мүдделі тұлғалар осы Жарғымен танысуға құқылы.

2-БАП. Холдингің заңды мәртебесі

7. Холдинг Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады және Қазақстан Республикасының Конституциясына,

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Мемлекеттік мүлік туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Жарғыға сәйкес өз қызметін жүзеге асырады және ұлттық басқарушы холдинг мәртебесін иеленеді.

8. Холдинг әділет органдарында мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болады.

9. Холдингтің қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады. Холдинг қызметін қаржыландыру жарғылық капиталы қаражатының, ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялардың және акциялар пакеттері (қатысу үлестері) меншік құқығымен Холдингке тиесілі басқа заңды тұлғалардың дивидендтері есебінен қалыптасатын кірістер, Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де кірістер есебінен жүзеге асырылады.

10. Холдингтің дербес теңгеріші, банктік шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде толық атауы көрсетілген мөрі болады.

11. Холдингтің өзінің тауарлық белгісі мен өзге рәмізі болуы мүмкін, олардың Үлгілерін Холдинг Басқармасымен (бұдан әрі – Басқарма) бекітеді және белгіленген тәртіппен тіркеледі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тілдер туралы заңнамасына сәйкес тілдерде мөртаңбалары, фирмалық бланктері мен басқа да деректемелері болады.

3-БАП. Холдинг қызметінің негізгі мақсаттары, міндеттері және мәні

12. Холдингті құрудың мақсаты экономиканы дамыту және әртараптандыруға жәрдемдесу, инвестицияларды (оның ішінде ұлттық инвесторларды) тарту, кластерлерді дамыту және қызметінің ашықтығы мен тиімділігін жоғарылатуға бағытталған ұлттық даму институттарында, ұлттық компанияларда және акциялар пакеттері (қатысу үлестері) меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығымен Холдингке тиесілі басқа заңды тұлғаларда (бұдан әрі – компаниялар) корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру болып табылады.

13. Холдингтің міндеттері:

1) басқару, өзара іс-қимылды үйлестіру және компаниялар ресурстарын тиімді бөлу;

2) кластерлік бастаманы жүзеге асыру – қолданыстағы индустриялық-инновациялық кластерлердің жұмысын жақсарту және жаңаларын құру;

3) ұлттық және халықаралық инвесторлармен бірлесіп, терең салалық зерттеулер және жобалық басқаруды дұрыс ұйымдастыру негізінде жаңа жобаларға бастамашы болу;

4) сараптық сүйемелдеу, қаржыландыру, ұзақ мерзімді тапсырыстарды алу және басқа да ресурстық қамсыздандыру тұрғысында ірі индустриялық жобаларды институционалдық қолдау;

- 5) жаңа өндірістерді біліктілігі жоғары мамандармен кадрлық құрамдау үшін технологиялық полигондарды құру;
- 6) Қазақстан халқы арасында индустрияландыру бағдарламасын кәсіби деңгейде дәріптеу;
- 7) компанияларға корпоративтік басқарудың ең үздік тәжірибесін енгізу болып табылады.

14. Холдинг қызметінің негізгі мәні даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқарудың жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту, индустриялық-инновациялық жобаларды жүзеге асыру кезінде бизнес бастамаларды қолдау жөніндегі қызметтерін үйлестіру мақсатында акциялар пакеттері (қатысу үлестері) меншік құқығымен Холдингке тиесілі және сенімгерлікпен басқаруға тапсырылған компанияларды тиімді басқару болып табылады.

4-БАП. Холдингтің құқықтары мен міндеттері

15. Холдингтің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құқықтары мен міндеттері болады.

16. Холдинг Жалғыз акционердің мүлкінен оқшауланған мүлікті иеленеді. Холдинг өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегіндегі жауап береді.

17. Жалғыз акционер Холдингтің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жағдайларды қоспағанда, Холдинг қызметіне байланысты шығындардың тәуекелін өзіне тиесілі акциялар құнының шегінде көтереді.

18. Холдинг Жалғыз акционердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Холдинг мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те Холдингтің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

19. Холдинг өз атынан шарттар мен басқа мәмілелер жасап, мүлктік және жеке мүлктік емес құқықтар мен міндеттерді алуы, сотта талапкер және жауапкер болуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да іс-қимылды жүзеге асыруы мүмкін құқылы.

20. Холдинг зияткерлік меншік құқықтарының объектілерін және басқа ақпаратты иелену және пайдалану құқығын алуы және беруі мүмкін.

21. Холдинг бағалы қағаздарды, оның ішінде туынды бағалы қағаздарды, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығара алады.

22. Холдинг өзге заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатыса алады, Қазақстан Республикасында және шетелде өзінің филиалдары мен өкілдіктерін аша алады, оларға меншікті мүлік есебінен негізгі және айналым қаражатын үлестіріп бере алады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың қызмет тәртібін айқындай алады. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі олардың жеке теңгерімінде және толығымен Холдингтің теңгерімінде ескеріледі.

Филиалдардың және өкілдіктердің қызметін басқаруды Холдинг Басқармасының мақұлдауымен Холдинг Басқармасының Төрағасы (бұдан әрі

– Басқарма Төраға) тағайындайтын тұлғалар жүзеге асырады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары Холдинг берген сенімхат негізінде әрекет етеді.

23. Холдинг қызметкерлерге жалақы төлеуге, материалдық-техникалық жабдықтауға, әлеуметтік дамытуға, кадрларды іріктеуге, орналастыруға және қайта даярлауға байланысты мәселелерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес шешеді.

24. Холдинг белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде орналасқан банктерде және басқа да қаржылық мекемелерде ұлттық, сол сияқты шетел валютасында есепшоттар ашуға құқылы.

25. Холдинг Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес теңгемен және шетелдік валютамен қарыз алуға және кредиттерді пайдалануға құқылы.

26. Холдинг Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа құқықтарға ие болуы және басқа да міндеттерге жауапты болуы мүмкін.

5-БАП. Холдингтің акциялары және басқа бағалы қағаздары

27. Холдинг акциялар, облигациялар және басқа да бағалы, оның ішінде туынды бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Холдингтің бағалы қағаздарды шығаруының, орналастыруының, айналымы мен өтеуінің шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен айқындалады.

28. Холдингтің акциялары мемлекеттің айрықша меншігі болып табылады және иеліктен шығаруға жатпайды.

Холдинг тек жай акцияларды ғана шығарады. Жай акция Заңға сәйкес Жалғыз акционерге өзінің қарауына енгізілетін барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын береді.

Сонымен қатар, жай акция Жалғыз акционерге Холдингтің таза табысы болған жағдайда дивидендтер алуға және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Холдинг таратылған кезде Холдинг мүлкін алуға құқық береді.

29. Холдинг акцияларын шығару құжаттамалық емес нысанда жүзеге асырылады.

30. Жарияланған акциялар санының шегінде акцияларды орналастыру (сату) туралы, оның ішінде Холдингтің орналастырылатын (сатылатын) акцияларының саны, оларды орналастыру тәсілі мен бағасы туралы шешімді Холдингтің Директорлар кеңесі (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) қабылдайды.

Холдинг өз акцияларын олардың шығарылуы мемлекеттік тіркелгеннен кейін бір немесе бірнеше орналастыру арқылы орналастырады.

31. Холдингтің орналастырылатын акцияларына ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

32. Холдинг акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуді тіркеуші ғана жүзеге асырыла алады.

6-БАП. Дивидендтер

33. Жалғыз акционерге тиесілі акциялар бойынша Холдинг төленейтін табыс дивиденд болып табылады.

Дивидендтерді төлеу ақшамен (ұлттық валютада) жүргізіледі.

34. Жыл қорытындылары бойынша жай акцияларға дивидендтер төлеу туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды. Жыл қорытындысы бойынша дивидендтер Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімде төленеді.

35. Холдингтің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

36. Дивидендтерді төлеу туралы шешім мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

1) Холдингтің атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;

2) дивидендтер төленетін мерзім;

3) бір жай акцияға есептегендегі дивидендтің мөлшері;

4) дивидендтерді төлеу басталатын күні;

5) дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны.

37. Жалғыз акционер Холдинг берешегінің қалыптасқан мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтердің төлеуді талап етуге құқылы.

Дивидендтерді төлеу үшін белгіленген мерзімде олар төленбеген жағдайда Жалғыз акционерге дивидендтердің негізгі сомасы мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақшалай міндеттеме немесе оның тиісті бөлігі орындалған күніндегі қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін басшылыққа ала отырып, есептелетін өсімпұл төленеді.

38. Дивидендтерді Холдинг Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген тәртіппен төлейді.

39. Холдингтің жай акциялары бойынша:

1) меншікті капитал теріс болған кезде немесе Холдингтің меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Холдинг Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер Холдингте оның акциялары бойынша дивидендтерді төлеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтердің есептелуіне жол берілмейді.

40. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Жарғыда көзделген өз өкілеттіктері шегінде жылдың қорытындылары бойынша жай акцияларға дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы, ол шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жарияланады.

7- БАП. Холдингтің органдары

41. Холдинг органдары мыналар:
- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
 - 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
 - 3) атқарушы орган – Басқарма;
 - 4) Холдингтің қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, Холдинг қызметін жетілдіру мақсатында ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласында бағалауды, корпоративтік басқару және консультация беру саласында құжаттарды орындауды жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі болып табылады.

8-БАП. Жалғыз акционер

42. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе осы Жарғымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Холдинг акцияларын иелену және пайдалану құқықтары берілген тиісті саланың уәкілетті органы қабылдайды.

43. Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелерді оның қарауына шығаруға Жалғыз акционер және Директорлар кеңесі бастамашылық етеді, ал ерікті түрде тарату үдерісінде Холдингтің тарату комиссиясы да бастамашылық ете алады.

Қазақстан Республикасының заңдарымен мәселелер міндетті түрде Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын жағдайлар көзделуі мүмкін.

44. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайлардан қоспағанда, мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығару жөніндегі шығыстарды Холдинг көтереді.

45. Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер жөніндегі материалдарда осы мәселелер бойынша негізді шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпараты қамтылуы тиіс.

46. Холдинг органдарын сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылып отырған үміткерлер туралы мынадай ақпарат қамтылуы тиіс:

- 1) аты, тегі, сондай-ақ, қалауы бойынша әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) Холдингпен аффилирленуі туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен лауазымдары туралы мәліметтер;
- 5) үміткерлердің біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

47. Жалғыз акционердің қарауына Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы мәселе шығарылған жағдайда материалдарда Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылып отырған үміткер

Жалғыз акционердің өкілі болып табылатын - табылмайтыны туралы және (немесе) ол Холдингтің тәуелсіз директоры лауазымына үміткер болып табылатын - табылмайтыны көрсетілуге тиіс.

48. Басқарма Жалғыз акционердің шешімдерінің көшірмелерін сақтауды қамтамасыз етуге тиіс.

49. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) осы Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;

3) Холдингтің дивидендтік саясатын және оған енгізілген өзгертулерді бекіту;

4) Холдингтің жарияланған акциялары санын ұлғайту немесе Холдингтің орналастырылмаған жарияланған акциялары түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) Холдингтің бағалы қағаздарын айырбастаудың шарттары мен тәртібін анықтау, сондай-ақ оларды өзгерту;

6) Холдингтің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелеріне, оның ішінде тәуелсіз директорларға өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылардың, шығындарын өтеу және сыйлықақы берудің мөлшері мен төлеу шарттарын айқындау;

8) Басқарма Төрағасын тағайындау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу;

9) Холдингтің жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

10) есепті қаржы жылындағы Холдингтің таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Холдингтің бір жай акциясына есептегендегі дивидендтің мөлшерін бекіту;

11) жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

12) Холдингтің өзге заңды тұлғалардың құрылуына немесе қызметіне қатысуы немесе Холдингке тиесілі барлық активтердің жиырма бес немесе одан артық пайызын құрайтын мөлшерде активтердің бір немесе бірнеше бөлігін тапсыру (қабылдау) жолымен өзге заңды тұлғалардың қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;

13) Холдингтің Жалғыз акционері айқындаған тізбе бойынша компаниялардың акцияларын иеліктен шығару, сондай-ақ көрсетілген акцияларды сенімгерлікпен басқаруға беру;

14) Жалғыз акционер айқындаған тізбе бойынша акцияларының пакеті Холдингке тиесілі компанияларды тарату, қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдау;

15) қаржы ұйымдарының акцияларын сатып алу немесе иеліктен шығару (жалғыз акционері (жалғыз қатысушысы) Холдинг болып табылатын қаржы ұйымдарының жарғылық капиталын ұлғайту жағдайларын қоспағанда), сондай-ақ көрсетілген акцияларды (қатысу үлестерін) сенімгерлікпен басқаруға беру;

16) компанияларға қаржылық көмек көрсету және қарыз беру жағдайларын қоспағанда, заңды тұлғаларға қаржылық көмек көрсету және қарыз беру;

17) Жалғыз акционерге Холдинг қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін белгілеу, оның ішінде осы Жарғымен бұқаралық ақпарат құралын белгілеу тәртібі анықталмаған жағдайда осындай тәртіпті айқындау;

18) шешімдерінің қабылдануы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және (немесе) осы Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

19) «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңнамасында белгіленген жағдайларда акциялардың мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы берілген тиісті саладағы өкілетті орган шешімдерді мемлекеттік мүлік жөніндегі өкілетті органмен келісіп қабылдайды.

50. Егер Қазақстан Республикасының Заңында және басқа заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе, олар бойынша шешімдер қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне, Холдинктің басқа да органдарының, лауазымдық тұлғалары және қызметкерлерінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді беруге жол берілмейді.

9-БАП. Жалғыз акционердің құқықтары мен міндеттері

51. Жалғыз акционер:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда көзделген тәртіппен Холдинкті басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Холдинг қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Жалғыз акционер немесе осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Холдинктің қаржылық есептілігімен танысуға;

4) Холдинкті тіркеушіден немесе номиналды ұстаушыдан өзінің бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

6) Заңмен көзделген жағдайларда өз атынан Холдинктің лауазымдық тұлғаларының Холдинкке келтірген залалын өтету және Холдинктің лауазымдық тұлғаларының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуына мүдделі мәмілелерді

жасау (жасауды ұсыну) туралы шешім қабылдауы нәтижесіндегі пайданы (табысты) Холдингке қайтару жөніндегі талаппен сот органдарына арыздануға;

7) өз есебінен аудиторлық ұйымның Холдинг аудитін жүргізуді талап етуге;

8) Холдингтің органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен шағымдануға;

9) Холдингке оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және сұрау Холдингке келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

10) Холдинг таратылғаннан кейін қалған мүлікке ие болуға;

11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен оның акцияларына айырбасталатын Холдингтің акцияларын және басқа бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алуға құқылы.

52. Жалғыз акционер Холдингтің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Холдингтің өзге де органдарының кез-келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

53. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген басқа да құқықтарға ие болуы мүмкін.

54. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттерді орындайды.

10-БАП. Директорлар кеңесі

55. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Холдингтің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

56. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер бойынша шешімдерді қабылдау жатады:

1) Холдингтің даму жоспарын және жылдық бюджетін, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есептерді бекіту;

2) Холдингтің даму жоспарының орындалуын бағалауды жүзеге асыру;

3) Холдингтің даму жоспарының шеңберінде Холдинг қызметінің түйінді көрсеткіштерін айқындау;

4) Холдингтің штаттық санын бекіту;

5) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (сату), оның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

6) Холдингтің орналастырылған бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

7) Холдингтің жылдық қаржылық есептілігін алдын-ала бекіту;

8) Холдингтің Директорлар кеңесі жанынан комитеттерді құру туралы шешім қабылдау, сондай-ақ олар туралы ережелерді бекіту;

9) Холдинг облигацияларын, туынды бағалы қағаздарын шығаруының шарттарын анықтау, сондай-ақ олардың шығарылымы туралы шешім қабылдау;

10) Холдинг акцияларды сатып алған кезде олардың құнын анықтау әдістемесін және әдістемеге енгізілген өзгертулерді бекіту;

11) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін айқындау, Басқарма төрағасын қоспағанда, Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

12) Басқарма Төрағасына және мүшелеріне лауазымдық қызметінің мөлшерін және еңбекақы мен сыйақы төлеу шарттарын айқындау;

13) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ оның өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін және Ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы төлеу мен сыйақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау;

14) корпоративтік хатшыны сайлау, өкілеттілік мерзімін айқындау, өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшыға лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы беру шарттарын айқындау;

15) Холдингтің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау, сондай-ақ аудиторлық ұйым қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

16) Холдингтің акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушыны айқындау;

17) саясаттарды, сондай-ақ Холдингтің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Холдинг қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма және Басқарма төрағасы қабылдайтын құжаттардан басқа), оның ішінде Холдингтің бағалы қағаздарының аукциондарын және жазылымдарын жүргізудің шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту. Директорлар кеңесі бекітуге тиіс саясаттар мен құжаттардың тізбесін дербес айқындайды;

18) Холдинг филиалдары мен өкілдіктерін ашу және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

19) Холдингтің басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алу (меншігінен шығару) туралы шешім қабылдау;

20) тарату, қайта ұйымдастыру туралы шешім осы Жарғыда Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған компанияларды қоспағанда, басқа компанияларды тарату, қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдау;

21) Холдингтің меншікті капиталының он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға оның міндеттемелерін арттыру;

22) Холдинг және оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

23) ірі мәмілелерді және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

24) Жалғыз акционердің қарауына мәселелерді шығару туралы шешім қабылдау;

25) Заңға және Жарғыға сәйкес Жалғыз акционердің, Басқарманың немесе Басқарма төрағасының айрықша құзыретіне жатқызылған шешімдерден басқа, Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжаттарда көзделген шешімдерді қабылдау;

26) Холдингке тиесілі барлық активтердің оннан бастап жиырма бес пайызға дейін құрайтын сомада активтердің бір немесе бірнеше бөліктерін беру арқылы Холдингтің өзге заңды тұлғаларды құру немесе қызметіне қатысу туралы шешім қабылдау;

27) нәтижесінде жалғыз акционері Холдинг болып табылатын ұлттық компанияның құны ұлттық компания активтері құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті ұлттық компанияны сатып алған немесе меншіктен шығарған (сатып алынуы немесе меншіктен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе бір-бірімен өзара байланысқан мәмілелер жиынтығын жасау туралы шешім қабылдау;

28) Жалғыз акционердің шешімдерінен туындайтын шешімдерді қабылдау;

29) Холдингтің жылдық есебін бекіту;

30) компаниялардың стратегиялары мен даму жоспарларын әзірлеу кезінде олардың бірыңғай (оның ішінде компаниялар қызметінің салалары бойынша) қаржылық, инвестициялық, өндірістік-шаруашылық, ғылыми-техникалық саясатын қалыптастыру;

31) Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) осы Жарғыға сәйкес өзге де мәселелер.

57. Холдинг жалғыз акционер (қатысушы) болып табылмайтын компанияларға қатысты осы Жарғының 56 тармағы 22) тармақшасында көрсетілген мәселе бойынша шешімдерді компаниялар акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналыстарында Холдингтің уәкілетті өкілдері кейіннен қарай дауыс беру мақсатында акционер (қатысушы) ретінде Холдингтің позициясын анықтау үшін Директорлар кеңесі қабылдайды.

58. Тізбесі осы Жарғының 56 - тармағымен белгіленген мәселелер Басқармаға шешім шығару үшін берілмейді.

59. Директорлар кеңесінің осы Жарғыға сәйкес Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ.

60. Директорлар кеңесі Жалғыз акционер сайлайтын Төрағадан және мүшелерінен құралады.

Директорлар кеңесінің құрамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелерінен, Басқарма Төрағасынан, тәуелсіз директорлардан және өзге де тұлғалардан қалыптастырылады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде бес адамнан құралуы тиіс. Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткерлер (Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелерін қоспағанда) Жалғыз акционер мен Холдинг мүдделерінде өздерінің міндеттерін орындау және Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімдері, біліктілігі және іскерлік және/немесе салалық ортадағы оң жетістіктері болуға тиіс.

61. Басқарма Төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

62. Қазақстан Республикасының заңнамасымен басқасы көзделмесе, Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалардың қайта сайлануына шек қойылмайды.

Директорлар кеңесінің өкілеттігі мерзімі Жалғыз акционер жаңа Директорлар кеңесін сайлау өткізілетін шешім қабылдаған кезде аяқталады. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесінің мүшесі өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатылған және Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлаған жағдайда, соңғысының өкілеттігі тұтас алғанда, Директорлар кеңесі өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

63. Директорлар кеңесінің Төрағасын Жалғыз акционер сайлайды.

Директорлар кеңесінің Төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) өтетін отырыстың күн тәртібін бекітеді;
- 3) Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және онда төрағалық етеді;
- 4) отырыстарды жүргізеді және хаттамаға қол қояды;
- 5) Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық жалақысын белгілей отырып, Холдинг атынан Басқарма Төрағасымен еңбек шартын жасасады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады, бұл ретте Директорлар кеңесі Төрағасының функцияларын Басқарма Төрағасы жүзеге асыра алмайды.

64. Негұрлым маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін Холдингте Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады.

Директорлар кеңесі комитеттерін құру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, өкілеттіктері, сондай-ақ сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Холдингтің ішкі құжаттарында белгіленеді.

Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселе қандай да комитеттің өкілеттілігіне кірген жағдайда, ол мәселені Директорлар кеңесінің тиісті комитеті алдын-ала қарауға тиіс.

65. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша не:

- 1) Директорлар кеңесінің кез-келген мүшесінің;
- 2) Холдингтің Ішкі аудит қызметінің;
- 3) Холдингтің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) Жалғыз акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

66. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Басқармаға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы осы талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыру арқылы өткізіледі.

Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін Холдингтің корпоративтік хатшысы қалыптастырады. Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырысты өткізу туралы барлық қажетті материалдар қоса берілген хабарламаны Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін кемінде он жұмыс күн бұрын Холдингтің корпоративтік хатшысы жібереді.

Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле жасасу жөнінде шешім қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ бағалаушының есебі (Заңның 69-бабы 1-тармағында көзделген жағдайда) қамтылуға тиіс.

67. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы Басқармаға алдын ала хабарлауға міндетті.

68. Директорлар кеңесі отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысын құрайды және техникалық байланыс құралдарын пайдаланып (бейнеконференция сеансы, телефондық конференц-байланыс және т.б. режимінде) қарастырылып жатқан мәселелерді талқылауға және дауыс беруге қатысатын не олардың жазбаша түрде

білдірілген дауыстары болған жағдайда Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшелері ескеріле отырып анықталуы тиіс.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақта белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) мәселесін Жалғыз акционердің қарауына шығаруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері мұндай мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығару туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

69. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер Заңда және осы Жарғыда өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің қарапайым дауысымен қабылданады.

Дауыстар саны тең болған жағдайда Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысына төрағалық етуші адамның даусы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Директорлар кеңесі Заңда және осы Жарғыда белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оны сот тәртібімен даулауға құқылы.

Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

70. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануі мүмкін. Бұл ретте отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру үшін бюллетендер қолданылады.

Сырттай дауыс беру туралы шешімді Директорлар кеңесінің Төрағасы қабылдайды. Бұл ретте, егер Директорлар кеңесінің ең болмағанда бір мүшесі сырттай отырыстың өткізілуіне қарсы болса, ішкі отырыс өткізілуі тиіс.

Сырттай дауыс беру арқылы Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламаларға сырттай дауыс беру бюллетендері қоса беріледі, олар Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне бірыңғай нысан бойынша таратылады.

Сырттай дауыс беру бюллетені мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

- 1) Басқарманың толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың шақыруға бастамашы болған адам (орган);
- 3) қол қойылған бюллетенді корпоративтік хатшыға тапсыру күні;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 6) өзге де мәліметтер.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сырттай дауыс беру бюллетендерін жолдау кезінде корпоративтік хатшы немесе корпоративтік хатшының орынбасары олардың дұрыс және бір үлгіде құрылуын қол қою арқылы растайды.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде рәсімделуі, оған Директорлар кеңесінің Төрағасы мен корпоративтік хатшы қол қойюы, сондай-ақ онда:

- 1) Холдингтің (оның Басқармасының) толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәліметтер;
- 3) отырыстың шақыруға бастамашы болған адам (орган);
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) шешім қабылдау үшін кворумның бар-жоғы туралы жазба;
- 6) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары және қабылданған шешім;
- 7) өзге де мәліметтер.

Шешім рәсімделген күннен бастап жиырма күн ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс, оған осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдер қоса беріледі.

71. Директорлар кеңесінің ішкі отырыс тәртібімен өткен отырыста қабылданған шешімдері хаттамамен рәсімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) Басқарманың толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) Директорлар кеңесінің күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әр мүшесі дауысының нәтижесі көрсетіле отырып, дауыс беруге қойылған мәселелер және дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына корпоративтік хатшы қол қойғаннан кейін хаттамаға келісу парағы жасалады, оған Директорлар кеңесінің барлық мүшелері (Директорлар кеңесінің Төрағасынан басқа) қол қояды, содан кейін отырыс хаттамасына Директорлар кеңесінің Төрағасы қол қояды.

Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері, сондай-ақ қол қойылған бюллетеньдер Холдингте сақталады.

Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімнің өз қолымен және Холдинг мөрінің бедерімен расталған үзінділерін беруге міндетті.

72. белгіленген тәртіпте Директорлар кеңесі бекіткен мәселелер бойынша шешімдер, Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртіптері дауыс берудің ішкі және сырттай нысандарда, сондай-ақ дауыс берудің екі нысандарын біріктіру (аралас дауыс беру) арқылы қабылдана алады.

Дауыс берудің аталған нысаны Директорлар кеңесінің мүшесі (-лері) Директорлар кеңесінің отырысына өздері қатысуға мүмкіндіктері болмай, өз пікірін жазбаша нысанда берген жағдайда қолданылады.

11-БАП. Басқарма

73. Холдингтің ағымдағы қызметіне басшылық жасауды Басқарма жүзеге асырады. Заңмен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен Холдингтің басқа органдары мен лауазымдық тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған кез-келген мәселелер бойынша Басқарма шешімдер қабылдауға құқылы.

74. Басқарма құзыретіне мына мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кіреді:

- 1) Холдинг стратегиясы мен даму жоспарын жүзеге асыру;
- 2) акциялары (жарғылық капиталына қатысу үлестері) Холдингке тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысы құзыретіне жатқызылған қызметтің мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 3) штат кестесін, Директорлар кеңесі бекіткен штаттық құрам шеңберінде ұйымдық құрылымды бекіту;
- 4) Холдинг қызметкерлерінің (еңбекақы және өзге сыйақы төлеу мәселелерін шешу Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған қызметкерлерден басқа) жалақылар мен сыйақы төлеу ережелерін, сондай-ақ лауазымдық жалақы кестесін бекіту;
- 5) Басқарма үшін ұсыныстар тұжырымдау мақсатында Басқарма жанынан Холдингтің, компаниялардың қызметкерлерінен және өзге адамдарынан комитеттер құру туралы шешімдер қабылдау;
- 6) Саясаттарды, сондай-ақ осы Жарғыда көзделген жағдайларды қоспағанда, Холдингтің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;
- 7) Холдингтің міндеттемелерін Холдингтің өз капиталының он пайызына дейінгі мөлшерді құрайтын шамаға ұлғайту;
- 8) Холдингпен тартылған қарыздарды мерзімінен бұрын төлеу туралы шешімдер қабылдау;
- 9) Холдингтің даму жоспары мен жылдық бюджетін, сондай-ақ, олардың орындалуы туралы есептерді алдын ала мақұлдау;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Холдинг атынан мәмілелер жасасу;
- 11) Холдинг қызметі туралы есептер дайындау;
- 12) Холдингтің ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 13) жыл сайынғы негізде компаниялар қызметінің нәтижелерін тыңдау және Директорлар кеңесіне компаниялар қызметінің нәтижелері туралы есептер беру;
- 14) тауарлық белгісі мен корпоративтік сәйкестендірудің өзге де құралдарын бекіту;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда Холдингтің басқа органдарының құзыретіне жатқызылмаған Холдингтің ішкі құжаттарына сәйкес өзге де мәселелер.

75. Басқарма жұмысының тәртібі, оның ішінде отырыстарды шақыру, дайындау және өткізу тәртібі Директорлар кеңесі бекіткен Басқарма туралы қағидада белгіленеді.

76. Басқарма Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне жүктелген функцияларды орындау кезінде Басқарма оларға Холдинг қызметі туралы, оның ішінде құпия сипаттағы ақпаратқа сұрау салу алынған күнінен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей, уактылы беруді камтамасыз етеді.

77. Холдинг Басқарманың Холдинг белгілеген шектеулерді бұзып жасаған мәміленің жарамдылығын, егер мәмілені жасасу кезінде тараптардың мұндай шектеулер туралы білгендігін дәлелдесе, даулауға құқылы.

78. Басқарма Басқарма Төрағасынан, оның орынбасарларынан және өзге тұлғалардан құралады.

Басқарма Төрағасы Жалғыз акционердің шешімімен сайланады. Басқарма Төрағасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен сайлануға ұсынылады.

Басқарма Төрағасының атқарушы орган басшысының немесе атқарушы орган басшысы қызметін жеке-дара жүзеге асаратын тұлғаның лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

Холдингтің акционерлері болып табылмайтын қызметкерлер Басқарма мүшелері болуы мүмкін.

Басқарма мүшелері басқа ұйымдарда Директорлар кеңесінің рұқсатымен ғана жұмыс істеуге құқылы.

Басқарма мүшелері Басқарма төрағасын өздері жетекшілік ететін мәселелер шеңберіндегі істердің жай - күйі туралы хабардар етеді.

Басқарма мүшесінің өзге де функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, сондай-ақ көрсетілген тұлғаның Холдингпен жасасқан еңбек шарты айқындалады.

Басқарма Төрағасымен Холдинг атынан жасалған еңбек шартына Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе осыған Жалғыз акционер немесе Директорлар кеңесі өкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалған еңбек шартына Басқарма Төрағасы қол қояды.

79. Басқарма кемінде 5 (бес) адамнан тұрады.

80. Басқарма, әдетте, айына кемінде 1 (бір) рет жиналады.

81. Басқарма өз қызметін мынадай тәсілдермен шешім қабылдау арқылы жүзеге асырады:

- 1) Басқарма мүшелерінің отырыста дауыс беруімен (ішкі отырыс);
- 2) Басқарма мүшелерінің сырттай шешімімен (сырттай отырыс – сауал жүргізу арқылы).

Басқарма отырыстарын өткізу үшін кворум сайланған Басқарма мүшелері санының кемінде жартысын құрайды.

Басқарманың әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады.

Басқарма мүшесінің өз дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, оның ішінде Басқарманың басқа мүшесіне беруге рұқсат етілмейді.

Басқарма шешімдері отырысқа қатысып отырған немесе сырттай отырысқа қатысатындардың көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма Төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

